

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 13 қазан N 387 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 желтоқсан N 1331 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 508 қаулысымен.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" V991093_ 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген өзгеріс пен толықтыру бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгеріс пен толықтыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апталық мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген Кредиттік

серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесіне өзгеріс пен толықтыруды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және кредиттік серіктестіктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігімен
Келісілген
23 қараша 2000 жыл

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 13 қазандағы
N 387 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген
Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші
есебін жасау және ұсыну ережесіне
өзгеріс пен толықтыру**

1. - 6-тармақтың 1) тармақшасындағы "N 3 нысан бойынша ақша қозғалысы туралы есеп (Ережеге N 3 нысан)" деген сөздер алынып тасталсын;
2. 6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші тармақшамен толықтырылсын:
- "3) "N 3 нысан бойынша ақша қозғалысы туралы есеп (Ережеге N 3 нысан) жыл сайын беріліп отырады".